



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8
Министрліктер Үйі, 6 - кіреберіс
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

010000, город Астана, пр. Мәңгілік Ел, 8
Дом Министерств, 6 подъезд
тел: (7172)74 36 04, факс: (7172) 74 36 08

№ _____

20.03.2018-ҒЫ № 09-2-16/100-Д ШЫҒЫС ХАТЫ

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі**

22.02.2018 жылғы № ДЗ-46 хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды сатып алуға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға сәйкес мемлекет мүгедектердің сапалы құралдарға, құрылғыларға және ассистивті технологияларға қолжетімділігін жеңілдету арқылы олардың жеке ұтқырлығын олардың барынша мүмкін дербестік дәрежесімен қамтамасыз етуге арналған тиімді шараларды қабылдауға міндетті.

Мүгедектерге техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарын (бұдан әрі – ТКҚ) беру мүгедектердің өмір сапасын арттыруға және олардың дербестігіне жетуіне, әлеуметтік, кәсіби мүмкіндіктердің және өмірдің барлық салаларына қосуға жәрдемдеседі.

Республикада «Тіршілік әрекеті шектелген адамдары Оңалтудың техникалық құралдары. Жіктеу» ҚР СТ 1619-2007 мемлекеттік стандарты қолданыста, стандарт мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүгедектігін алдын алу, сондай-ақ оңалту үшін пайдаланылатын ТКҚ-ның барлық түрлері мен үлгілерінің мәліметтерінен тұрады.

Бұдан басқа, мүгедектерге берілетін ТКҚ-ның бірыңғай тізбесі қабылданды (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген*), осы тізбе жергілікті атқарушы органдардың, мүгедек адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің ұсыныстарын, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттің мүмкіндіктерін есепке алумен қайта қаралады және өзектендіріледі.

Бүгінге Тізбеге ТКҚ-ның 55 атауы енгізілген, олар үлкен функционалдық топтарға бөлінген: протездік-ортопедиялық (*аяқ-қолдардың немесе дененің басқа бөліктері болмағанда орының басады*), сурдотехникалық (*есту қабілетінің кемістігін түзетуге және қайтаруға арналған*), тифлотехникалық (*көру қабілеті кемістігінің*

нәтижесінде жоғалған мүмкіндіктерді түзетуге және қайтаруға арналған), арнаулы жүріп-тұру құралдары (белсенді және пассивті жүріп-тұруға), міндетті гигиеналық құралдар (табиғи физиологиялық қажеттіліктерді орындауға арналған).

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне сәйкес медициналық техникаға аурулардың профилактикасы, оларды диагностикалау, емдеу, оңалту, медициналық сипаттағы ғылыми зерттеулер үшін медициналық мақсатта жеке түрде, кешеннің немесе жүйенің құрамында қолданылатын аппараттар, аспаптар мен жабдықтар жатады.

Қазіргі уақытта, Дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық техниканың мемлекеттік тізбесіне ТКҚ-ның 55 атауының 16 түрлі атаулары мен түрлері енгізілді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет есебінен мүгедектер ТКҚ-мен қамтамасыз етіледі.

Мүгедектерді ТКҚ-мен қамтамасыз ету талдауы өңірлер бойынша ТКҚ-ның сатып алынатын бағасы әр түрлі және тауардың моделіне, үлгісіне, өндірушісіне, сатып алынатын ТКҚ-ның санына, сатып алынатын тауарлар мен қызметтерге әзірленетін техникалық ерекшеліктен, өнім берушінің өңірден алыс болуына және т.б. байланысты екенін көрсетеді. Осылайша, мысалы, Павлодар облысында бөлмеде жүріп-тұруға арналған кресло-арбаның бағасы орташа есеппен 48,3 мың теңге, ал Қарағанды облысында – 116,0 мың теңге, Батыс Қазақстан облысында серуендеуге арналған кресло-арбаның бағасы – 56,4 мың теңге, ал Қостанай облысында – 164,1 мың теңге.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ең төмен шартты бағаны ұсыну өнім берушіні таңдаудың негізгі критерий болып табылады, осы жағдай сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасына әсер етеді.

Министрлікпен мүгедектерді ТКҚ-мен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, ТКҚ-ны сапалы сатып алу мақсатында Министрлік мүгедектерге берілетін техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар мен арнаулы жүріп-тұру құралдарына бірыңғай талаптар әзірледі, осы талаптар техникалық құжаттаманы әзірлеген және мемлекеттік сатып алуды өткізген кезде әдістемелік ұсынымдар ретінде пайдалану үшін өңірлерге жолданды.

Мүгедектерді ТКҚ-мен толық көлемде қамтамасыз ету қажеттілігін, мүгедектермен ТКҚ-ны алуға күту мерзімін ұзартпау жағдайын болдырмауды ескере отырып, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарды ТКҚ-мен қамтамасыз етуде дифференциаланған және атаулы тәсілді қамтамасыз ету мақсатында Мүгедектерді техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен және арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету қағидаларына¹ (бұдан әрі – Қағидалар) бірқатар өзгертулер енгізілді, сонымен қатар, протездік-ортопедиялық көмекті және ТКҚ-ны ұсынуға медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер, оларды ауыстыру мерзімі енгізілді.

Бұдан басқа, Мемлекеттік қызметтердің стандарттарымен² оңалтудың құралдары мен қызметтерін ұсынуға құжаттарды рәсімдеу бойынша мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мүгедектерге *оңалту іс-шараларын ұсыну мерзімін*

¹ «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген (28.04.2017 жылғы өзгертулермен)

² «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген

көрсетумен еркін түрде құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама беру қарастырылған.

Мүгедектерді ТКҚ-мен уақытылы қамтамасыз ету құқықтарын сақтау мақсатында 2017 жылы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне лауазымды адамдарды мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектерді әлеуметтік оңалту түрлерімен қамтамасыз етпеуіне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салу бөлігінде жауапкершілікке тарту нормасы енгізілді.

2018 жылы Министрлікпен БҰҰДБ-ның бірлескен жобасының шеңберінде мүгедек адамдардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып автоматтандырылған режимде мүмкіндік беретін ТКҚ таңдау бойынша автоматтандырылған ақпараттық жүйе әзірленеді.

Қазіргі уақытта, Министрлік ТКҚ-мен қамтамасыз етуде кезең-кезеңмен монетизациялауды енгізу, сондай-ақ отандық кәсіпорындарда мемлекеттік тапсырысты орналастыру мақсатында мүгедектерге берілетін ТКҚ-ны сатып алу және қаржыландыру жүйесін оңтайландыру мәселелерін қарастырып жатыр.

Министр

М. Әбілқасымова

✉ А. Нұрбекова

☎ 74-33-37

a.nurbekova@enbek.gov.kz